

1-апта (27.09-01.10.2021 жыл)

№9 «Балдырған» кіші топ

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апталық тақырып: Менің отбасым

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;
- көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айтуға бейімдеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.09.2021	Сейсенбі 28.09.2021	Сәрсенбі 29.09.2021	Бейсенбі 30.09.2021	Жұма 1.10.2021
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу. балаларды кешікпей балабақша алып келулерін сұрау. Балабақшаға кірерде маска киюді талап ету. Балалардың сыртқы аяқ киімдерін салафанға салуларын айту.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз". Мақсаты: Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу.	Қимылдық ойын: "Гүлдер мен көбелектер". Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?" Мақсаты: Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: "Қандай маман иесі?". Мақсаты: мамандық иелерін ажырата білуді үйрету.	Саусақ ойыны. "Саусақ аттарымен танысайық" Бәріміз қолымызды жұдырыққа жұмайық. Саусақтарымыз бір-бірлеп тұрып, сендермен танысқысы келеді. Әрқайсысының өзінің атаулары бар. Қане, танысайық. Бас бармақ, балаң үйрегі ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені "Жалаушамен"				
Таңғы ас	Түзеу дұрыс отыруларын қадағалау. Жан-жағына қарамай, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: "Заттардың түсін ажырат" Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуды үйрету.	Дидактикалық ойын: "Бұл кім?" Мақсаты: Балалардың өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету.	Дидактикалық ойын: "Бағдаршам". Мақсаты: Бағдаршам туралы түсінік беру. Түстерді атай және ажырата білуге дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: "Не жоқ?" Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: "Адамдардың киімдерін бақылау" Мақсаты: Балалардың назарын адамдардың киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Әрбір баланың өз жақын адамдары – оның отбасы болатыны жайында түсінік бере отырып, отбасы және отбасы мүшелері туралы айту. Ата – аналарының аттарын есте бекіту. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. "Шығармашылық" Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәбиге арналған сылдырмақ» Мақсаты: Балаларға ермексазды алақан арасына салып, дөңгелету	1."Шығармашылық" Музыка. Тақырыбы: «Әжем» Ж.Мұхамеджанов Мақсаты: Отбасы мүшелерін білуге үйрету. Әуенге байланысты қимыл жасау, ойынға белсене араласуды қадағалау. 2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Әр балаға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, бірлесіп әрекет етуде жағымды эмоциясын қалыптастыруға тәрбиелеу. Бірінің қолдарынан бірі ұстап шеңбер жасап жүру.	1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі (үстел – үсті театры) Мақсаты: Балаларды үстел – үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісімен таныстыру арқылы ең жақын адамдарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларға сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру арқылы тілдерін дамыту, «а» дыбысын жәй екпінмен созып анық айтуға жаттықтыру. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдарды, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелесу.«Шағын топпен» жүру. Қол ұстасып, шеңбер жасап жүру. Тапсырмалармен жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Допты отырып домалату.	1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үй» Мақсаты: Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы әңгімелесу. Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см , ұзындығы 2 м) тұзу жолмен жүру . 2."Таным" Сенсорика Тақырыбы: «Біздің үй» Мақсаты: Балаларды 2 әртүрлі фигураны, заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып, олардың пішініне және көлеміне қарай

	<p>аркылы дөңгелек жасауды және ретімен коюды, сылдырмақ жасауды үйрету. Балаларға ермексаз мүсіндерді ауыстыруға үйрету. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, отбасы мүшелерімен таныстыру, ермексазбен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p>«Допты қуып жет» допты алысқа лақтыру.</p>	<p>"Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды түрлі – түсті қарындаштармен жіп орамының суретін салуға, қарындашты қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүстені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету. Үлкенге деген құрмет сезімге баулу. Балалардың қол қимылдарының қозғалыстарын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, шалқан ертегісін әңгімелеу, сұрақ-жауап, қарындашпен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>		<p>топтастыру, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, 2 санын топтастыру, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды киімдерін шашпай, ұқыпты өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Бір-біріне көмектесуге үйрету.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>1. Бақылау: Киімді</p>	<p>1. Бақылау:</p>	<p>1. Бақылау:</p>	<p>1. Бақылау: Күз</p>	<p>1. Бақылау: Ұшып</p>

	<p>бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі киімдердің өзгерісін айту. Киім түрлерін айырып, аттарын ажыратып айтуға үйрету. 2.Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау. Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызу. 3. Қимылдық ойын: «Жалаушаға қарай жүгір». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйрету. 4. Жеке жұмыс: Өлжаннан күз туралы әңгімелесу. 5. Еркін ойындар.</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Күз мезгіліндегі ағаш өзгерістерін, олардың бөліктері туралы білімдерін қалыптастыру. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинату. Мақсаты: Тастардың өлі табиғатқа жататындығы жөнінде түсінік беру. 3. Қимылдық ойын: «Автомобильдер мен торғайлар». Мақсаты: Балаларды ептілікке баулу. 4. Жеке жұмыс: Рахманнан түстерді сұрау. 5. Еркін ойындар.</p>	<p>Жапырақтардың түсуін бақылау. Мақсаты: Табиғаттың мезгілге байланысты құбылстары туралы түсініктерін кеңейту. 2. Еңбек: Ағаштардан түскен жапырақтарды жинату. Мақсаты: Орындалған жұмыс нәтижесін көріп, қуануға тәрбиелеу. 3. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулу. 4. Жеке жұмыс: Сезімнен көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. 5. Еркін ойындар.</p>	<p>мезгілі Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін, күз мезгілі үшке бөлінетіндігін түсіндіру. 2. Еңбек: Құстарды жем беру. Мақсаты: Бірлесе еңбектенуге төсілдіру. 3. Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету. 4. Жеке жұмыс: Інжуден өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу. 5. Еркін ойындар.</p>	<p>кететін құстарды бақылау. Мақсаты: Ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту. 2. Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау. Мақсаты: Тәрбиеші еңбегіне көмектесе білуге тәрбиелеу. 3. Қимылдық ойын: "Күн мен жаңбыр". Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа баулу. 4. Жеке жұмыс: Шамияден достық туралы әңгімелесу. 5.Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, сыртқы киімдерін ілгішке іліп қоюларын, киімдерін оңға айналдырып, сөрелеріне рет-ретімен жинауын үйрету, қадағалау. Беті қолдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету.				
Түскі ұйқы	Балаларға ертегі айта отырып, ұйықтату.				
	"Ұсқынсыз үйрек" ертегісін оқып беру.	Жай әуенмен балаларды ұйқыға жатқызу.	"Қазақ" ертегілерін айтып ұйықтату.	Мазмұнды ертегісі арқылы ұйықтату.	Жәй әуен ырғағымен ұйықтату.
Біргіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату.				

шаралары					
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету. Ішіп болған соң "алғыс" айта білу дағдыларын дамыту.				
Ойындар, дербес әрекет.	<p>Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз". Мақсаты: Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру. Түстерін айтқызу.</p>	<p>Доппен ойындар ұйымдастыру: Мақсаты: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Алыста ма, жақында ма?". Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Кім шапшаң?". Мақсаты: есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.</p>
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сезімнен түстерді ажыратуды үйрету.	Рахманнан тіл жаттықтыру жаттығуларын жасату, сөйлетуді үйрету.	Інжуден жыл мезгілдерімен айларын сұрау.	Шамильден түстерді үйрету.	Әлжаннан қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	<p>1. Бақылау: Жапырақтардың сарғая бастағанын бақылау. 2. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. 3. Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау: Ағаштарды бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау: Кешкі ауа райын бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету. 3.Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау: Көліктерді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Өз орныңды тап». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар</p>	<p>1. Бақылау: Күзгі өзгерістерді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Үлкен шар». Мақсаты: балаларды ойынға қызығушылығын арттыру. 3.Еркін ойындар</p>
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту.	"Балабақша" тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.	Балаларға түстерді ажыра білуді үйден қадағалауды сұрау.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айтып, демалыс күндеріне сәттілік тілеп қоштасу.

